

«Ломбард Прогресс» ЖШС
Жалғыз қатысушысының шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
«26» қараша 2023 жыл



«ЛОМБАРД ПРОГРЕСС»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Алматы – 2023

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі	4
3. Кепіл билетін жасасу тәртібі	4
4. Берілетін микрокредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері	6
5. Ұсынылатын микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары	6
6. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі	7
7. Ломбард қабылдайтын Кепіл мүлкіне қойылатын талаптар	8
8. Ломбард пен оның Клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі	9
9. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидалары	12
10. Микрокредитті өтеу әдістері	13
11. Өзге шарттар	13
12. Қосымша Микрокредитті өтеудің дискреттік әдісін есептеу мысалы	15

Осы Микрокредиттер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) ҚР «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне, «Ломбард Прогресс» ЖШС (бұдан әрі – Ломбард) Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және Ломбардта жылжымалы мүлік кепілімен микрокредиттер беру рәсімін бекітеді.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес Ломбард жеке тұлғаларға – Қазақстан Республикасының азаматтарына республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде бір жылға дейінгі мерзімге жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік кепілімен қысқа мерзімді микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

1.2. Осы Қағидалар келесілерді реттейтін құжат болып табылады:

- 1) клиенттердің микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі;
- 2) кепіл билетін (бұдан әрі – Кепіл билеті) ресімдеу жолымен жылжымалы мүлік кепілімен микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібі;
- 3) берілетін микрокредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері;
- 4) берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары;
- 5) берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі;
- 6) Ломбард қабылдайтын Кепіл мүлкіне қойылатын талаптар;
- 7) Ломбард пен оның Клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі;
- 8) берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидалары;
- 9) микрокредитті өтеу әдістері.

1.3. Осы Қағидалар ашық ақпарат болып табылады және Ломбард клиенттеріне олардың бірінші талабы бойынша танысу үшін ұсынылады. Қағидалар Ломбардтың клиенттері көруге қолжетімді жерде, сондай-ақ Ломбардтың www.autolombard.com.kz сайтында орналастырылады.

1.4. Ломбард Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) берген лицензия негізінде микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

1.5. Ломбардтың клиенттері 18 жасқа толған, бірақ 65 жастан аспаған Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматтары болып табылады.

1.6. Микрокредит алу үшін өтініш беруші келесі құжаттардың бірінің түпнұсқасын көрсетуі қажет:

- 1) ҚР азаматының жеке куәлігі (ҚР азаматының төлқұжаты);
- 2) көлік құралын тіркеу туралы куәлік (көлік құралын кепілге қойған жағдайда).

1.7. Микрокредит алған кезде өтініш беруші Ломбардқа электрондық мекенжайын, сондай-ақ Кепіл билетінде көрсетілген SMS-хабарламаларды алу үшін жарамды мобильді телефон нөмірін хабарлауға міндетті. Электрондық мекенжай және/немесе мобильді телефон нөмірі өзгерген кезде өтініш беруші электрондық мекенжай және/немесе нөмір өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Ломбардқа жаңа электрондық мекенжайды және/немесе нөмірді жазбаша хабарлауға міндетті.

1.8. Кепіл билетінің қолданылу мерзімін ұзартуды жүзеге асыруды, микрокредитті ішінара және толық өтеуді жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы болған кезде тікелей қарыз алушының өзі жүргізеді.

1.9. Үшінші тұлғалардың Кепіл билетінің қолданылу мерзімін ұзарту, микрокредитті ішінара және толық өтеу жөніндегі операцияларды жүргізуіне келесі жағдайларда жол беріледі:

- 1) үшінші тұлғада нотариалды куәландырылған сенімхаттың түпнұсқасы және Қарыз алушының телефон байланысы арқылы үшінші тұлғаның құқықтарын растауы болған кезде;
- 2) Қарыз алушы қайтыс болған кезде, келесі құжаттарды ұсына отырып:
 - қайтыс болуы туралы куәлік;
 - туыстық дәрежесін растайтын құжат;
 - мұра иеленудің бірінші желісі бойынша қалған туыстарынан талап қоюдан бас тарту туралы нотариалды куәландырылған өтініш;
 - Кепілді мүлікке мұрагерлік құқығына кіру туралы куәліктер.

2. МИКРОКРЕДИТ БЕРУГЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

2.1. Кепіл билетін жасасу алдында өтініш беруші-жеке тұлға (бұдан әрі – Өтініш беруші) Ломбардқа клиентті тиісті түрде сәйкестендіруге мүмкіндік береді және Ломбардқа Қағидалардың 2.2-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

2.2. Өтініш беруші келесі құжаттар мен мәліметтерді ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) автокөлікке меншік құқығын растайтын құжаттардың түпнұсқалары (көлік құралын кепілге қойған жағдайда);
- 3) электрондық мекенжайы, мобильді телефон нөмірі, тіркеу мекенжайы және нақты тұрғылықты жері туралы анық деректер (тұратын және тіркелген мекенжайлары сәйкес келмеген жағдайда).

2.3. Ломбард келесі жағдайларда Өтініш берушіге микрокредит беруден бас тартады:

- 1) Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күннен аз уақытта аяқталғанда;
- 2) көлік құралын тіркеу туралы куәлікте өтініш берушінің жеке деректері жеке куәліктегі дербес деректерге (Т.А.Ә.а., ЖСН, туған күні және т.б.) сәйкес келмеген жағдайда;
- 3) егер кепіл мүлкі ретінде ұсынылатын автокөлік құралы техникалық ақаулы жағдайда болса;
- 4) автокөлік құралын пайдалану мерзімі 26 (жиырма алты) жылдан асқанда;
- 5) сот орындаушысының қамауға алуы және үшінші тұлғалардың ауыртпалық салуы болғанда;
- 6) көлік құралын кейіннен сатып алмай, сенімхат бойынша Ломбардқа кепілге қойған жағдайда;
- 7) Өтініш беруші жеке куәлігінің түпнұсқасын және (немесе) Ломбардтың ішкі қағидаларына сәйкес АЖ/ТҚҚІ мақсатында клиентті тиісінше сәйкестендіру үшін Ломбардқа ақпарат ұсынудан бас тартқан жағдайда.

2.4. Микрокредит беруді мақұлдау процесі осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

3. КЕПІЛ БИЛЕТІН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

3.1. Ломбард қызметкері Өтініш берушіні микрокредит алу және қайтару шарттарымен таныстырады, микрокредит алуға байланысты құқықтар мен міндеттерді, жауапкершілікті, сондай-ақ Өтініш беруші өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда кепілге қойылған мүліктен өндіріп алу негіздері мен тәртібін түсіндіреді.

3.2. Өтініш беруші Кепіл мүлкін бағалау үшін Ломбард қызметкеріне береді.

3.3. Кепіл билеті жасалғанға дейін Қарыз алушы Ломбардқа автокөлік құралының қалған меншік иелерінің нотариалды куәландырылған келісімін не автокөлік құралын сатып алу сәтінде некеде тұрмағаны туралы нотариалды куәландырылған өтінішті (Ломбардтың талабы бойынша) ұсынады.

3.4. Ломбард қызметкері Ломбардты бағалау әдістемесіне сәйкес кепіл мүлкі ретінде ұсынылатын мүліктің нарықтық құнын тексеруді және бағалауды орындайды.

3.5. Ломбард қызметкерлерінің тексеру, бағалау, кеңес берулер бойынша іс-әрекеттері Кепіл билетін жасасу және микрокредит беру талабы үшін негіз болып табылмайды.

3.6. Кепіл билетін жасасуға Клиент пен Ломбард кепіл нысанасын бағалау сомасы, микрокредит сомасы және қайтару күні туралы уағдаластыққа, сондай-ақ Қағидалардың 3.7 және 3.8-тармақтарында көрсетілген шарттарға қол жеткізетін ауызша келісім негіз болып табылады.

3.7. Ломбардтың жауапты қызметкері Ломбард атынан Ломбардтың кепіл мүлкіне ауыртпалығын тіркеуші органда (кепілді тіркеу қажет болған жағдайда) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.

3.8. Қарыз алушыға Ломбардтың кепіл мүлкіне ауыртпалығын мемлекеттік тіркеу рәсімі жүзеге асырылғаннан кейін микрокредит беріледі.

3.9. Кепіл билеті мәміленің жазбаша нысаны мен мазмұнына Қазақстан Республикасы [азаматтық заңнамасының](#) талаптарын (ҚР АҚ 328-бабы) ескере отырып жасалады.

3.10. Кепіл билеті келесі міндетті шарттарды қамтиды:

- 1) жалпы шарттар;
- 2) Қарыз алушының құқықтары;
- 3) Ломбардтың құқықтары;
- 4) Ломбардтың міндеттері;
- 5) Қарыз алушының міндеттері;
- 6) Ломбард үшін шектеулер;
- 7) міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;
- 8) Кепіл билетінің талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі;
- 9) берешекті сотқа дейінгі реттеу шарттары.

3.11. Кепіл билетінің жалпы шарттары келесілерді қамтиды:

- 1) жасасу күнін;
- 2) Ломбардтың атауын және Қарыз алушының тегін, атын және әкесінің атын (болған жағдайда), ЖСН;
- 3) микрокредит сомасын;
- 4) артық төлем сомасын;
- 5) микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтерді (болған жағдайда),
- 6) микрокредитті өтеу мерзімдерін;
- 7) сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен мөлшерін немесе сыйақының мәнін (Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарттарда Кепіл билеті жасалған жағдайда), сондай-ақ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін (микрокредиттің нақты құнын);
- 8) микрокредитті өтеу тәсілін: біржолғы, қолма-қол ақшамен – касса арқылы не электрондық терминалдар арқылы, қолма-қол ақшасыз тәсілмен – ұйымның банктік шотының деректемелерін көрсете отырып;
- 9) микрокредитті өтеу әдісін (аннуитеттік, сараланған немесе Микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес басқа әдіс);
- 10) микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігін;
- 11) негізгі қарызды уақытылы өтемегені және сыйақы төлегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеу тәртібі мен мөлшерін;
- 12) Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуді (ол болған жағдайда);
- 13) Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард қабылдайтын шараларды;
- 14) Кепіл билетінің қолданылу мерзімін;
- 15) ұйымның пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпаратты, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы туралы деректерді (ол болған жағдайда);
- 16) Ломбард Кепілдік билеті бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында Кепіл билеті шеңберінде кредитордың Қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз

алушының құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылатындығын көздейтін шартты.

3.11-1. Кепіл билеті Қарыз алушының Ломбардтың интернет-ресурсында және ақпараттық стендінде орналастырылған микрокредит беру туралы Қосылу шартына қосылуы арқылы жасалады.

3.12. Кепіл билетіне, егер микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылған жағдайда, Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарттарда Кепіл билетін жасасқан жағдайларды қоспағанда, тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі.

3.13. Ломбард жасаған Кепіл билеті бойынша ақпарат, оның ішінде Кепіл билеті жасалған күнге кредит бойынша номиналды және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемелері туралы, сондай-ақ сауда-саттықта өткізілуге жататын кепіл мүлкі туралы ақпарат міндетті түрде Мемлекеттік кредиттік бюроға ұсынылуға жатады.

3.14 Клиент Кепіл билетін микрокредит толық өтелгенге дейін сақтауға міндетті.

3.15. Кепіл билеті жоғалған жағдайда Ломбард Клиенттің жазбаша өтініші бойынша жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын және оның ксерокөшірмесін міндетті түрде қоса бере отырып, телнұсқа беруді жүзеге асырады. Телнұсқаны қарау және беру мерзімі Ломбардтың атқарушы органының актісімен белгіленеді және бекітіледі.

3.16. Кепіл билетінің бастапқы парақтары титулдық парақ болып табылады және Микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібінің 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларында көзделген шарттарды, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 қаулысымен бекітілген микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын талаптарды, микрокредитті өтеу кестесінің нысандарын (бұдан әрі – Талаптар) көрсетілген ретпен қамтиды. Бұл ретте Талаптың 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген талап шарттың бірінші бетінде жазылады.

Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 389-бабына сәйкес қосылу шарттарында жасалған жағдайда, қарыз алушы қол қоятын Кепіл билеті стандартты талаптарға қосылу туралы өтініш ретінде Талаптарға сәйкес келеді және микрокредит берудің стандартты талаптарын қамтитын және Ломбардтың сайтында орналастырылатын Қосылу шартының (бұдан әрі – Қосылу шарты) ажырамас бөлігі болып табылады.

4. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕРДІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

4.1. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде микрокредиттер берудің ең ұзақ мерзімі 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспайды.

4.2. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде микрокредиттер берудің ең ұзақ мерзімі 1 (бір) күнтізбелік жылдан аспайды.

4.3. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде берілетін микрокредиттердің шекті сомасы бір Кепіл билеті бойынша 8 000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткіштен аспайды. Бұл ретте кепіл мүлкінің түріне байланысты берілетін микрокредиттер сомаларының шектері Ломбардтың Атқарушы органының актісімен белгіленуі және бекітілуі мүмкін.

5. ҰСЫНЫЛАТЫН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАЛАРЫ

5.1. Жеке тұлғамен жасалған, мүлкті кепілмен қамтамасыз етілген микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәні күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі кезеңге берілген микрокредит сомасының күніне 0,8 (нөл бүтін оннан сегіз) пайыздан артық емес, бірақ 20 (жиырма) пайызынан аспайтын мөлшерде белгіленген.

Шарттың қолданылу мерзімі күнтізбелік қырық бес күннен асатын мерзімге ұлғайған кезде жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының күніне 0,4 (нөл бүтін оннан төрт) пайыздан аспайтын мөлшердегі шекті мәні белгіленген.

5.2. Көлемі ағымдағы қаржылық жылға белгіленген 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын 1 (бір) күнтізбелік жылға дейінгі мерзімге берілетін микрокредиттер бойынша сыйақылардың шекті мөлшерлемесі ЖТСМ-нің 56 (елу алты) %-нан аспайды.

5.3. Микрокредитті қайтару жөніндегі міндеттемелерді уақытылы орындамағаны үшін негізгі қарыз бен сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау күнінен кейінгі күннен бастап мерзімі өткен 90 (тоқсан) күнге дейін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5% мөлшерінде тұрақсыздық айыбы есептеледі. Мерзімі өткен 90 (тоқсан) күн өткеннен кейін өсімпұл мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,03% мөлшерінде, бірақ Кепіл билетінің қолданылу жылы үшін берілген микрокредит сомасының он пайызынан аспайтын мөлшерде есептеледі.

5.4. Микрокредит нысанасын қоспағанда, сыйақы мен тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғанда, ағымдағы қаржылық жылға белгіленген 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын микрокредиттер сомасы күнтізбелік 45 (қырық бес) күнге дейінгі мерзімге жасалған Кепіл билеті бойынша барлық төлемдер жиынтығында Кепіл билетінің бүкіл қолданылу кезеңі үшін берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауға тиіс.

5.5. Микрокредитті қайтару жөніндегі міндеттемелерді уақытылы орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеудің шекті мерзімі негізгі қарыз және/немесе сыйақы сомасы бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындауды кешіктірудің қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күнінен аспайды.

6. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

6.1. Микрокредитті пайдаланғаны үшін микрокредитті пайдаланудың нақты күндері үшін сыйақы төленеді.

6.2. Кепіл билетінде сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері жылдық пайызбен немесе сыйақының мәні көрсетіледі (Кепіл билеті Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарттарда жасалған жағдайда). Сыйақының мәні деп Кепіл билетінің бүкіл қолданылу кезеңі үшін белгіленетін сыйақы мөлшерлемесі түсініледі.

6.3. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу, егер микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылған жағдайда (өтеудің дискретті әдісі), Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарттарда Кепіл билетін жасасқан жағдайларды қоспағанда, Кепіл билетіне қоса берілетін өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6.4. Кепіл билетін ұзарту (созу) бойынша операция кредитті пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін сыйақыны (пайыздарды) толық төлеген кезде ғана мүмкін болады.

6.5. Есептелген сыйақылар толық өтелген жағдайда, Ломбард пен Қарыз алушы арасында Кепіл билетіне тиісті қосымша келісім жасасу жолымен микрокредитті ішінара өтеуге жол беріледі. Бұл ретте микрокредитті одан әрі пайдаланғаны үшін сыйақы Кепіл билетінде көзделген тәртіппен негізгі қарыз сомасының қалдығына есептеледі.

6.6. Есептелген сыйақылар толық өтелген жағдайда, Қарыз алушының ауызша өтініші негізінде микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуге жол беріледі.

6.7. Егер негізгі қарызды және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, Қарыз алушы негізгі қарызды және (немесе) сыйақыны төлеуді одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей жүргізеді.

6.8. Қарыз алушының берешегі болған кезде Қарыз алушының микрокредит бойынша міндеттемелерін орындау үшін Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы жеткіліксіз болған кезде Қарыз алушының берешегін өтеу мақсатында келесі кезектілікте ескеріледі:

- 1) Қарыз алушының берешегін мәжбүрлеп соттан тыс және сот тәртібімен өндіріп алу жөніндегі Ломбард шығыстары;
- 2) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 3) сыйақы бойынша берешек;
- 4) негізгі қарыз бойынша берешек.

7. ЛОМБАРД ҚАБЫЛДАЙТЫН КЕПІЛ МҮЛКІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Кепіл мүлкіне меншік құқығы Қарыз алушыға тіркелуге және іс жүзінде Қазақстан Республикасының аумағында болуға тиіс. Кепіл мүлкі мүлікті пайдаланудың (қолданудың) кең саласымен, тиісті жай-күйімен және осындай мүлікке нарықтың қалыптасқан конъюнктурасымен қамтамасыз етілетін өтімділікке ие болуға тиіс.

7.2. Қарыз алушының микрокредитті өтеу және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде Ломбард келесі кепілді мүлікті қабылдауға құқылы:

- 1) автокөлік құралдары;
- 2) сынамасы 585-тен 999-ға дейін, оның ішінде асыл тастармен көмкерілген алтыннан жасалған бұйымдар;
- 3) техникалық жарамдылық жағдайдағы техника;
- 4) кепілге алуға жол берілетін өзге де жеке жылжымалы мүлік.

7.3. Ломбардқа Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы, «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы және «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі заңдарына сәйкес келесілерді кепілге алуға жол берілмейді:

- 1) жылжымайтын мүлік;
- 2) айналымнан алынған және айналымда шектелген заттар;
- 3) тыйым салынған мүлік;
- 4) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлік;
- 5) болашақта кепіл берушінің меншігіне түсетін мүлік;
- 6) тез бұзылатын шикізат, азық-түлік өнімдері;
- 7) тері және басқа да бағалы киімдерді, асхана сервиздерін, бағалы металдардан жасалған, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар заттарды қоспағанда, пайдалануда болған киімдер, аяқ киімдер, іш киімдер, төсек-орын жабдықтары, ас үй және асхана ыдыстары;
- 8) балалар керек-жарақтары;
- 9) мүгедектердің жүріп-тұруына арналған арнайы көлік құралдары, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар және мүгедектердің жүріп-тұруының арнайы құралдары;
- 10) халықаралық және мемлекеттік жүлделер, мемлекеттік ордендер, медальдар және Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына төс белгілер;
- 11) құрамында зергерлік бұйымдардың сынықтары сияқты бағалы металдар мен асыл тастар бар тұтас және жиынтық зергерлік бұйымдар.

7.4. Кепіл мүлкін бағалауды Ломбардтың жауапты қызметкері Ломбардтың құнын айқындау әдістемесіне және Ломбардтың атқарушы органының актісімен бекітілген белгіленген бағаларға сәйкес жүргізеді.

7.5. Кепіл билетінде көрсетілген микрокредитті қайтару мерзімі өткеннен кейін Кепіл мүлкі сатуға берілмейтін, ұзақтығы күнтізбелік 30 (отыз) күн болатын қосымша кепілді күту кезеңі көзделеді.

7.6. Ломбард кепілдендірілген күту кезеңі аяқталғанға дейін кепілге қойылған мүлікті пайдалануға және оған билік етуге құқылы емес. Көрсетілген кезең өткеннен кейін және микрокредитті қайтару және сыйақы мен тұрақсыздық айыбын төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау болмаған кезде Ломбард соттан тыс тәртіппен Кепіл мүлкін оның ішінде сауда-саттық жүргізу, нотариустың атқарушылық жазбасын жасау жолымен өндіріп

алуға не сауда-саттықты жүзеге асырмай, берешекті реттеу рәсімдері аяқталғаннан кейін, Кепіл билетінде және Қосылу шартында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында және Кепіл билетінде көзделген тәртіппен Кепіл мүлкін сатуды жүзеге асыруға құқылы.

7.7. Қарыз алушы Кепіл билетіне қол қоя отырып, Ломбардтың кепіл мүлкін соттан тыс өткізуіне өзінің келісімін береді.

7.8. Қарыз алушының Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» [Заңында](#), Кепіл билетінде және Қосылу шартында белгіленген тәртіппен берешекті реттеу жөніндегі өтінішін Ломбард қараған кезеңде Кепіл нысанасын сатуға, сондай-ақ мұндай мүлікті Ломбардтың меншігіне беруге жол берілмейді.

8. ЛОМБАРД ПЕН ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ОЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. Ломбард құқылы:

1) микроқаржы қызметі туралы заңнамаға сәйкес Қарыз алушыдан қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратуға және алуға;

2) себептерін түсіндірместен микрокредит беруден бас тартуға;

3) кепілмен қамтамасыз етілген микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруды және Қарыз алушы өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды талап етуге;

4) Кепіл билеті бойынша құқықты (талапты) Қарыз алушының келісімінсіз микроқаржылық қызмет туралы заңнамада көрсетілген тұлғаларға беруге;

5) Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы үшінші тұлғаға микрокредит аударуды жүзеге асыруға;

6) Кепіл билетінің шарттарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге;

7) келесі жағдайларда негізгі қарызды, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоса алғанда, Қарыз алушының берешегін нотариустың атқарушы жазбасы негізінде Қарыз алушының келісімін алмай өндіріп алуға:

- Қарыз алушы тараптардың келісімі бойынша берешекті реттеу үшін Ломбардқа жүгінбеген және Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде берешек бойынша өтініш бермеген жағдайда, бұл оның міндеттемелерді орындамағаны үшін кінәсін мойындау болып табылады;

- Қарыз алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізбегенде және Қарыз алушы берешек бойынша қарсылықтарын ұсынбаған жағдайда;

8) Қарыз алушыны берешектің туындағаны және мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы хабардар ету үшін тартуға, сондай-ақ Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктіруге жол берген кезде сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге Кепіл билеті бойынша берешекті коллекторлық агенттікке беруге, оған Қарыз алушы өзінің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімін береді;

9) микроқаржылық қызмет туралы заңнамада және Кепіл билетінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

8.2. Қарыз алушы құқылы:

1) тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, сыйақы төлей отырып, микрокредитті мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;

2) Микрокредиттер беру қағидаларымен, микрокредиттер беру жөніндегі Ломбард тарифтерімен танысуға;

3) алынған микрокредитке Кепіл билетінде белгіленген тәртіппен және шарттарда билік етуге;

4) егер негізгі қарызды және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, негізгі қарызды және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеуге;

5) Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Ломбардқа баруға және (немесе) жазбаша нысанда не Кепіл билетінде көзделген тәсілмен, келесілермен байланысты шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімі өтіп кету себептері, кірістер және шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті ұсынуға:

сыйақы мөлшерлемесін не шарт бойынша сыйақы мәнін төмендету жағына қарай өзгерту арқылы;

негізгі қарыз және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;

берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі қарызды басым тәртіппен өтей отырып өзгерту арқылы;

микрокредит мерзімін өзгерту арқылы;

мерзімі өткен негізгі қарызды және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) жою арқылы;

кепілге салынған мүлікті Ломбардқа беру жолымен шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына кері қайтарып беру арқылы;

б) шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде Ломбардты бір мезгілде хабардар ете отырып уәкілетті органға жүгінуге;

7) «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңның 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін Ломбард осы Қарыз алушымен жасалған Кепіл билеті бойынша құқықты (талаптарды) басқаға берген жағдайда банк омбудсменіне жүгінуге;

8) көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша жүгінуге;

9) микроқаржылық қызмет туралы заңнамада және Кепіл билетінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

8.3. Ломбард міндетті:

1) Қарыз алушыдан міндеттемелердің орындалуын қабылдауға;

2) Қарыз алушыға міндеттемелердің орындалғанын растайтын құжат беруге;

3) орналасқан жері немесе атауы өзгерген жағдайда уәкілетті органды, сондай-ақ Қарыз алушыларды (өтініш берушілерді) Ломбардтың орналасқан жері бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі екі баспа басылымында тиісті ақпаратты жариялау арқылы, сондай-ақ Қарыз алушының (өтініш берушінің) - жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша не әрбір Қарыз алушыны (өтініш берушіні) осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей хабардар етуге міндетті;

4) Өтініш берушіге микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беруге;

5) микрокредитті өтеу әдісімен танысу және таңдау үшін 50 (елу) есептік айлық көрсеткіштен асатын сомада микрокредит берілгенге дейін Өтініш берушіге түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынуға;

б) Қарыз алушыны (өтініш берушіні) оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етуге;

7) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» [Заңына](#) сәйкес мәліметтерді хабарлауға;

8) микрокредит беру құпиясын сақтауға;

9) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» [Заңында](#) көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға;

10) микроқаржылық қызмет туралы заңнамада және Кепіл билетінде (Қосылу шартында) көзделген тәртіппен берешекті реттеу шараларын қабылдауға, оның ішінде:

1) Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен жағдайда Ломбард Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей Қарыз алушыға Кепіл билетінде көзделген тәсілмен келесілер жайлы ескертуге міндетті:

- Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алу және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туындаған кезде;

- Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша Ломбардқа жүгіну құқығы;

- Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдарлары. Ломбард Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

Хабарлама Қарыз алушыға, егер ол Қарыз алушыға Кепіл билетінде және осы Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілген болып есептеледі:

- Кепіл билетінде көрсетілген Қарыз алушының электрондық пошта мекенжайына;

- Кепіл билетінде көрсетілген Қарыз алушының тұрғылықты жері бойынша, оның тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде егер көрсетілген мекенжай бойынша тұратын Қарыз алушының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алса;

- жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып.

Хабарламаны алушы-Қарыз алушыға тапсыру мүмкін еместігі туралы белгісі бар не оны қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғаны расталмауына байланысты қайтарған жағдайда, хабарлама Қарыз алушыға тиісінше жіберілген болып есептеледі;

2) Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Кепіл билетінің талаптарына ұсынылған өзгерістерді және Қарыз алушыға жазбаша нысанда не Кепіл билетінде көзделген тәсілмен хабарлауды қарауға міндетті:

- Кепіл билетінің талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу;

- берешекті реттеу бойынша өз ұсыныстарымен;

- бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Кепіл билетінің шарттарын өзгертуден бас тарту.

8.4. Қарыз алушы міндетті:

1) алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша сыйақыны Кепіл билетімен белгіленген мерзімдер мен тәртіппен төлеуге;

2) Ломбардтың талабы бойынша қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсынуға;

3) Ломбардқа микрокредит сомасын қайтару бойынша шығындарды өтеуге;

4) Ломбардқа өзінің сауалнамалық деректерінің өзгергені туралы, сондай-ақ оның міндеттемелерін орындауына әсер ететін кез келген мән-жайлар туралы дереу жазбаша хабарлауға;

5) мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау және өзге де органдардың кепілге салынған мүлікті алып қою және/немесе алу нәтижесінде туындаған залалды Ломбардқа даусыз тәртіппен өтеуге;

6) Кепіл билетінде, Қосылу шартында, микроқаржылық қызмет туралы заңнамада және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды орындауға, сондай-ақ жауаптылықта болуға.

8.5. Ломбард үшін шектеулер келесілерді көздейді:

1) сыйақы мөлшерлемесінің (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісінің біржақты тәртібіндегі өзгерістер;

2) микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеу және өндіріп алу;

3) микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін басқа да төлемдерді Ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан талап ету;

4) Кепіл билеті бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;

5) егер негізгі қарызды немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) алу, сыйақыны немесе негізгі қарызды төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;

6) кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, теңгемен берілген Кепіл билеті бойынша микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеу;

7) Кепіл билетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, кепіл мүлкін пайдалану және оған билік ету;

8) коллекторлық агенттікпен осындай шарт жасасу жағдайларын қоспағанда, нысанасы берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ қарыз алушының берешегіне байланысты ақпарат жинау жөніндегі қызметтер көрсету болып табылатын үшінші тұлғалармен шарт жасасу (бұдан әрі - берешекті өндіріп алу туралы шарт);

9) берешек сотқа дейінгі өндіріп алуда және коллекторлық агенттікте реттеуде болған кезеңде берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге, берешек коллекторлық агенттікте жұмыс істеген кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ көрсетілген кезеңде негізгі қарыз пен сыйақыны уақытылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеуге;

10) негізгі қарыз сомасына капиталдандырылған (жиынтықталған) мерзімі өткен сыйақыға, Кепіл билетін орындау шарттары өзгерген немесе микрокредитті өтеу мақсатында жаңа микрокредит берген кезде тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) сыйақы есептеу.

8.6. Ломбард кепілге қойылған мүліктің жоғалуына, сақталуына немесе бүлінуіне, егер жоғалуы немесе зақымдануы еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдемесе, жауапты болады. Сондай-ақ, егер кепілге салынған мүліктің жоғалуы немесе бүлінуі үшінші тұлғалардың ереуілдер, жаппай тәртіпсіздіктер, халықтық және әскери толқулар және т.б. салдарынан жымқыру салдарынан болған жағдайда, Ломбард жауапкершіліктен босатылады, бірақ бұл ретте Ломбард кепілге қойылған мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін өзіне байланысты барлық шараларды қолдануға міндетті.

9. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

9.1. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (бұдан әрі – ЖТСМ) микрокредит бойынша сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.

9.2. Сомасы 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын микрокредит бойынша ЖТСМ мөлшері Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі - уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актісінде айқындалған жылдық 56%-дан (елу алты пайыздан) аспауға тиіс.

9.3. Берілетін микрокредиттер бойынша ЖТСМ-ін есептеу қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

9.4. Берілетін микрокредиттер бойынша ЖТСМ есебі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 208 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

9.5. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер

мен толықтырулар енгізілген жағдайда ЖТСМ осы Қағидалардың 9.4-тармағына сәйкес Ломбард пен Қарыз алушы арасында микрокредитті өтеудің жаңа кестесіне қол қою жолымен қайта есептелуге жатады.

10. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

10.1. Егер микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылған жағдайда, Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарттарда Кепіл билетін жасасу жағдайларын қоспағанда, Қарыз алушы таңдаған микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісі Кепіл билетіне қосымша болып табылатын микрокредитті өтеу кестесінде белгіленеді.

10.2. Ломбард 50 АЕК-тен асатын сомаға Кепіл билетін жасасқанға дейін Қарыз алушыға микрокредитті өтеу әдісімен танысу және таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады. Ломбард микрокредиттерді өтеудің келесі әдістерін қолданады – аннуитеттік, сараланған және шарлық (біржолғы).

- микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі қарыз бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі қарыздың қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақыны қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылатын сараланған төлемдер әдісі;

- аннуитеттік төлемдер әдісі, онда микрокредит бойынша берешекті өтеу микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде негізгі қарыз бойынша ұлғаятын төлемдерді және негізгі қарыздың қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақы бойынша азаятын төлемдерді қамтитын тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқалардан өзгеше болуы мүмкін;

- негізгі қарызды өтеу Кепіл билетінің қолданылу мерзімінің соңында жүргізілетін қосымша әдіс (шарлық төлем), негізгі қарыздың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны өтеу ай сайын жүргізіледі. Мұндай әдісті есептеу мысалы осы Қағидаларға №1 қосымшада көрсетіледі.

10.3. 10.2-тармақта көрсетілген талаптар, егер микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылған жағдайда, сомасы 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем және микрокредитті беру мерзімі 45 күнтізбелік күннен аспайтын Ломбард беретін микрокредиттерге қолданылмайды. Бұл жағдайда микрокредитті өтеу мерзімі Кепіл билетінің титулдық парағында көрсетіледі.

11. ӨЗГЕ ШАРТТАР

11.1. Қарыз алушы, микрокредит және Кепіл мүлкі туралы жеке ақпарат құпия болып табылады (микрокредиттің құпиясы) және жария етілмейді және үшінші тұлғаларға жеке не телефон (электрондық пошта) арқылы беруге жатпайды.

11.2. Микрокредит туралы ақпарат Қарыз алушының өзіне жеке куәлігінің нөмірі мен күні, Кепіл билетіне енгізілген мобильді телефон нөмірі, сондай-ақ Кепіл билетінің нөмірі мен күні негізінде, сондай-ақ кредиттік бюро және Заңның 21-бабының 4-тармағында көрсетілген тұлғаларға Қарыз алушыны сәйкестендіру шартымен телефон арқылы берілуі мүмкін.

11.3. Микрокредит және Қарыз алушы туралы ақпарат қол қою кезінде Кепіл билетінде көрсетілген Қарыз алушының жазбаша келісімдері негізінде кредиттік бюроға беріледі.

11.4. Осы Қағидаларға тиісті өзгерістер (толықтырулар) енгізілген күнге дейін Қарыз алушы Ломбардпен жасасқан Кепіл билеттеріне (шарттарына) қолданысы қолданылмайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11.5. Қарыз алушы Кепіл билетіне қол қоя отырып, Ломбардқа өзінің дербес деректерін қағаз және электрондық жеткізгіштерде жинауға және өңдеуге өзінің келісімін береді.

11.6. Қарыз алушы Кепіл билетіне қол қоя отырып, осы Қағидаларда қамтылған шарттармен келіседі.

11.7. Осы Қағидалар Ломбардтың уәкілетті органы – Жалғыз қатысушының шешімімен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

«Ломбард Прогресс» ЖШС
микрокредиттер беру қағидаларына
№1 қосымша

Микрокредитті өтеудің қосымша әдісін (шарлық төлем) есептеу мысалы

р/с №	Төлем күні	Негізгі қарызды өтеу бойынша төлем мөлшері	Сыйақыны өтеу бойынша төлем мөлшері	Өтеуге жиыны (төлемнің жалпы мөлшері)	Келесі төлем күніндегі негізгі қарыздың қалдығы
1	01.02.2020	-	36 000	36 000	1 000 000
2	01.03.2020	-	36 000	36 000	1 000 000
3	01.04.2020	-	36 000	36 000	1 000 000
4	01.05.2020	-	36 000	36 000	1 000 000
5	01.06.2020	-	36 000	36 000	1 000 000
6	01.07.2020	-	36 000	36 000	1 000 000
7	01.08.2020	-	36 000	36 000	1 000 000
8	01.09.2020	-	36 000	36 000	1 000 000
9	01.10.2020	-	36 000	36 000	1 000 000
10	01.11.2020	-	36 000	36 000	1 000 000
11	01.12.2020	-	36 000	36 000	1 000 000
12	01.01.2021	1 000 000	36 000	1 036 000	-
	Жиыны	1 000 000	432 000	1 432 000	-